



**Темір ауданы бойынша сот шешімімен коммуналдық меншікке түсken болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидаларын бекіту туралы**  
Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 178 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 қантарда № 5791 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қантардағы Экологиялық кодексінің 19–1 бабының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін–өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Темір аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Темір ауданы бойынша сот шешімімен коммуналдық меншікке түсken болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидалары бекітілсін.

2. "Темір аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Темір аудандық мәслихатының интернет–ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Темір аудандық мәслихатының  
сессия төрағасы  
Б.ОТАРБАЕВ

Темір аудандық мәслихатының  
хатшысы  
Б.ИЗБАСОВ

Темір аудандық мәслихатының  
2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 178  
шешімімен бекітілді

**Темір ауданы бойынша сот шешімімен коммуналдық меншікке түсken болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидалары**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Темір ауданы бойынша сот шешімімен коммуналдық меншікке түсken болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қантардағы Экологиялық кодексінің 20–1 бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және сот шешімімен

коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды (бұдан әрі – қалдықтар) басқару тәртібін айқындайды.

2. Қалдықтарды коммуналдық меншікке беру сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

3. Иесіз қалдықтарды басқару Темір ауданының әкімдігімен жүзеге асырылады.

4. Қалдықтарды басқару үшін Темір ауданының әкімдігімен мұдделі құрылымдық бөлімшелерінің өкілдерінен комиссия құрылады (бұдан әрі – комиссия).

Қалдықтарды басқару бойынша жұмыстарды ұйымдастыратын орган болып коммуналдық шаруашылық саласында қызмет атқаруға үекілетті және тиісті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын "Темір аудандық тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдар бөлімі" мемлекеттік мекемесі белгіленеді.

5. Иесіз қалдықтарды басқару – бұл қалдықтарды есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану, кәдеге жарату және жою бойынша қызмет.

**2. Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару тәртібі**

6. Қалдықтарды есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану, кәдеге жарату және жою Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мұлікті есепке алушын, сақтаудын, бағалаудын және одан әрі пайдаланудын кейбір мәселелері" қаулысына сәйкес атқарылады.

**Ескерту. 6-тармақ жана редакцияда – Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 17.10.2019 № 391 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

7. Талап етілмеген қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату және жою бойынша жұмыстарды ұйымдастыру Темір ауданының әкімдігімен комиссияның ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

8. Қалдықтарды кәдеге жарату және жою бойынша қызметтерді жеткізушіні таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Қалдықтар сатылғаннан, кәдеге жаратылғаннан, жойылғаннан кейін қалдықтардың орналасқан аумақтарын қалпына келтіру Қазақстан Республикасының жер заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

### **3. Корытынды ереже**

10. Қалдықтармен жұмыс істеу барысында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген талаптар сақталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК